

ЖШС «Жас Батыр Атырау» балабақшасы

Мерекелік ертеңгілік
тақырыбы: «Сүйікті Ана!»
8 Наурыз – Аналар мерекесі
«Құлыншақ» кіші топ
29.02.2024 ж.



Өткізген: тәрбиеші Утешева А.М.
Саз жетекшісі: Шарипова А.Т.

Атырау қаласы, 2024 жыл

Мақсаты: Балаларға 8- наурыз туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл-күйін құру. Жанұядағы ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Ән айту және қимыл-қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Балаларға аналарын, әжелерін құрметтей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Той пердесін ашайық,
Тойға шаңу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын ашайық!

Армысыз мейірімді аналар,
Мейірбан ашық көңіл даналар!
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,
Құттықтайды сіздерді балалар!
-Құрметті ардақты әжелер, аяулы аналар және әріптестер!!! Сіздерді
көктеммен күлімдей келген халықаралық аналар мерекесімен құттықтаймыз!
«Құлыншақ» кіші тобының «Сүйікті Ана!» атты ертеңгілігіне қош
келдіңіздер.
(Музыка әуенімен балалар жұптасып залға билеп кіреді)
Жер әлемді жайнатып
Әнші құстарды сайратып
Гүлге бөлеп даланы
Әнге бөлеп даланы

Мерекемізді балалардың аналарына арнап жаттаған тақпақтары бар екен.

Тақпақтар:

Алима:

Бізді өсіріп баптаған
Жаксы болсам шаттанған
Алтыным деп мақтаған
Айналайын ақ мамам

С.Ерасыл:

Әр сөзінді жаттағам
Жүрегімде сақтағам
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

Адина

Жаксы көрем күлкіңді
Айналайын ақ мамам
Менің мамам сүйкімді
Бәріненде жаксы адам

Асылым:

Мен анамды сүйемін
Құшағына енемін
Мәпелеген анамды
Қуантсам деп келемін

(Көрікті көктем кіреді).

-Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Мен көңілді көктеммін
Жылда келіп кетемін
Көзін ашып бұлақтың
Түбіне тал еккенмін
Гүл боп қырда егілем
Дән болып жерге себілем
Жаңбыр болып жауамда
Нұр болып көктен төгілем

-Құрметті ақ жаулықты әжелер, аяулы аналар, сұлу кішкентай арулар!
Көктемнің шуакты күніндегі мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші:

Амансынба ару көктем .Ұлан байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағынды шаттандырып нұрынды мол төге бер.

Көктем:-Мынау менің құшағым толы қыр гүлін, гүлдей жайнаған қыздарға сыйлағым келіп отыр. Кең даламды хош иісімен ,сұлулығымен жайнатқан менің әсем гүлдерім аналарымызға қуаныш сыйлап би билеп берейік.

Ән «Апам үшін» орындайтын Айлин, Сезім, Дана, Асылым

Ойын: «Гүлдер жинау»

Жүргізуші:

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Балаларды қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Ән: «Көп жаса анашым»

Такпактар:

Байбек:

Мені жақсы көреді
Күңдей күліп келеді
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді

Дана:

Анаң болса қасыңда
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет

Инжу:

Жаксы көрем күлкінді
Айналайын ақ мамам
Менің мамам сүйкімді
Бәріненде жаксы адам

Ильхан:

Ана-өмір шырағы
Ана-өмір бұлағы
Бесігімнің жыр әні
Жүрегімде тұрады.

Алеу:

Біз доспыз гүлдермен
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірлеп
Аналарға сыйлаймыз

Көнілді би «Стирка» (Алихан, Амир, Алан, Карим, Аднат)

Жүргізуші:

Балалар сіздер әжелеріңізге кім боласыздар.
Немересі боласындар
Құрметті де ардақты әжелерімізді ерекше атап құттықтаймыз

Ән: «Әжем менің айдай»

Қариясы бар үйдің қазынасы бар деп халқымыз текке айтпаған ғой келесі
құттықтау әжелерге арналады.

Такпактар:

Айлин:

Менің әжем мейірман
Мені жаксы көреді
Қажетіне жарасам
Жас балаша күледі

Алихан :
Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас неміз

Амир:
Ертегі қандай көп еді
Күнде айтып береді
Қуанады балаша
Әжем қандай тамаша

Асу:
Әже деген асыл жан
Құрмет көрген ғасырдан
Аялаймын әжемді
Аялаймын бар елді
(Қуыршақ келеді)

«Барби» бні

Жүргізуші: Балалар біздің мерекеге қуыршақ келді. Қош келдіңіз қуыршақ
Ойын: «Анаға көмек»

Ән: «Біз қуыршақпыз»

Жүргізуші: Аналар, әжелер бүгінгі біздің осымен ертеңгілігіміз аяқталды.
Аналар, әжелер әрқашанда аман-есен жүре беріңіздер
Аналардың мейірімі ерекше
Талпындырған асулар мен болсын
Аялаған шуағы мен жан нұрын
Берші анама бар жақсылық тәңірім деп
«Сүйікті Ана!» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі кездескенше сау
болыңыздар!



«Құлыншақ» тобының «Сүйікті Ана!» атты ертеңгілік

Той пердесін ашайық,
Тойға шаңу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын ашайық!



Мерекемізде балалардың аналарына арнап жаттаған тақпақтары



Көңілді би «Стирка»



Ойын «Анаға көмек»



«Барби» би

